

## Халықтан сатып алынатын бұйымдар мен сыйықтардағы асыл металдардың бағасы және тіс техникасы өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 ақпан N 130. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 20 ақпаннан бастап халықтан сатып алынатын бұйымдар мен сыйықтардағы асыл металдарға 1 грамм таза металл үшін төмендегідей мөлшерде баға белгіленсін:

алтын - 6255 сом

күміс - 145 сом

платина - 6690 сом

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне металл сынамалары бойынша таза металдың 1 грамы үшін белгіленетін бағаны ескеріп, халықтан сатып алынатын бұйымдар мен сыйықтардағы асыл металдар бағасының нарқын бекіту тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қосымша құнға салынатын салықпен қоса асыл металдардың босату бағасы, өнеркәсіп орындарының тіс техникасы өнімдерін жасау, оларды тасымалдау жөніндегі шығыны, сондай-ақ емдеу мекемелерінің шығынын өтеуді қамтамасыз ететін үстеме ақы ескеріліп жасалған тіс өнімдеріне деген бөлшек сауда бағасы нарқының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне бекітуге ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкі мен "Қазалмасалтын" Ұлттық акционерлік компаниясы асыл металдардың дүниежүзілік бағасы және АҚШ доллары бойынша сом бағамы өзгерген кезде сатып алу және бөлшек сауда бағасына тиісті өзгерістер енгізу үшін асыл металдардың бағасына жасалған түзетудің мөлшерін Қазақстан Республикасының экономика министрлігі жанындағы Баға комитетіне хабарлап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК